

"Ұлттық қаржылық есептілік стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2013 жылғы 31 қаңтардағы № 50 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 18 шілдедегі № 377 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 22 шілдеде № 36489 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Ұлттық қаржылық есептілік стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2013 жылғы 31 қаңтардағы № 50 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8328 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 5-тармағының 2) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі № 387 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 643-2) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Бухгалтерлік есеп, аудит және бағалау әдіснамасы департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ұлттық қаржылық есептілік стандартында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Ұлттық қаржылық есептілік стандарты (бұдан әрі – Стандарт) " Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Бухгалтерлік есеп туралы заң), Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі № 387 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 643-2) тармақшасына сәйкес әзірленді және қаржылық есептілік қағидаттары мен сапалы сипаттамаларын және шағын кәсіпкерлік субъектілерінің, сондай-ақ қызметінің айрықша түрі шетелдік валютамен айырбастау операцияларын ұйымдастыру болып табылатын заңды тұлғалардың (бұдан әрі – субъект) бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есептілік жасау тәртібін айқындады.";

көрсетілген Стандартқа 1, 2, 3 және 4-қосымшалар осы бұйрыққа 1, 2, 3 және 4-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бухгалтерлік есеп, аудит және бағалау әдіснамасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың ресми жарияланған күнінен кейін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

М. Такиев

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2025 жылғы 18 шілдедегі
№ 377 бұйрыққа 1-қосымша
Ұлттық қаржылық есептілік
стандартына
1-қосымша
Нысан

Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер есебінің тізімдемесі

Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер топтарының атауы	жылғы	мерзіміне	Амортизация	Шығуы	Жыл аяғына қалдық
Жыл басына қалдық	Келіп түсуі	Амортизация нормасы	кезеңге	Пайдалану басынан	

Басшы _____
(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)) (қолы)
Бас бухгалтер _____
(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)) (қолы)
Мөр орны

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2025 жылғы 18 шілдедегі
№ 377 бұйрыққа 2-қосымша
Ұлттық қаржылық есептілік

20 _____ жылғы __ кезең үшін

Еңбекақы төлеуді есепке алу ведомості

Субъектінің атауы

№	тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдай да)	Лауазы мы	Жалақ ысы	Еңбека қы есептел ді	Ұсталды			Төлеуге	Қолы	Әлеуме ттік салық	Әлеуме ттік аудары мдар
					Жеке табыс салығы	Міндет ті зейнета қы жарнал ары	Өзгелер				

Басшы _____
(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)) (қолы)
Бас бухгалтер _____
(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)) (қолы)
Мөр орны

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2025 жылғы 18 шілдедегі
№ 377 бұйрыққа 2-қосымша
Ұлттық қаржылық есептілік
стандартына
3-қосымша
Нысан

Атауы _____
Қызметінің түрі _____
Қызметкерлердің орташа жылдық саны _____ адам
Заңды мекенжайы, Бизнес сәйкестендіру нөмірі, Жеке сәйкестендіру
нөмірі _____
_____ жылғы " __ " _____ жағдай бойынша
Бухгалтерлік баланс
мың теңге

Активтер	Жол коды	Есепті кезеңнің соңына	Есепті кезеңнің басына
Активтер			
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	01		
Қысқа мерзімді қаржы инвестициялары	02		
Басқа да қысқа мерзімді дебиторлық берешек	03		

Қорлар	04		
Ұзақ мерзімді қаржы инвестициялары	05		
Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек	06		
Негізгі құралдар (амортизацияны алып тастағанда)	07		
Материалдық емес активтер (амортизацияны алып тастағанда)	08		
Басқа да активтер	09		
Активтердің жиыны (01-ден 09-ға дейінгі жолдардың сомасы)	10		
Міндеттеме мен капитал			
Міндеттеме			
Қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	11		
Салықтар бойынша міндеттемелер	12		
Ұзақ мерзімді қаржы міндеттемелері	13		
Ұзақ мерзімді кредиторлық берешек	14		
Өзге міндеттемелер	15		
Міндеттеме жиыны (11-ден 15-ке дейінгі жолдардың сомасы)	16		
Өз капиталы			
Жарғылық капитал	17		
Резервтік капитал	18		
Бөлінбеген пайда (жабылмаған залал)	19		
Өзге резервтер	20		
Капитал жиыны	21		
Капитал мен міндеттемелердің жиыны (16-жол + 21-жол)	23		

Басшы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)) (қолы)

Бас бухгалтер _____

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)) (қолы)

Мөр орны

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

Атауы _____

Қызметінің түрі _____

Қызметкерлердің орташа жылдық саны _____ адам

Заңды мекенжайы, Бизнес сәйкестендіру нөмірі, Жеке сәйкестендіру
нөмірі _____

_____ жылғы "___" _____ жағдай бойынша

Пайда мен зияндар туралы есеп

мың теңге

Көрсеткіштердің атауы	Жол коды	Есепті кезеңде	Өткен кезеңде
Өнімді сатудан және қызметтер көрсетуден түсетін кіріс	01		
Қаржыландырудан түсетін кіріс	02		
Өзге кірістер	03		
Кірістердің жиыны (01-ден 03-ке дейінгі жолдардың сомасы)	04		
Өндірілген өнім, жұмыс, қызмет бойынша шығыстар	05		
Сыйақы төлеуге байланысты шығыстар	06		
Амортизациялық төлемдер	07		
Қаржыландыру шығыстары	08		
Басқа да шығыстар	09		
Шығыстардың жиыны (05-тен 09-ға дейінгі жолдардың сомасы)	10		
Салық салғанға дейінгі пайда (залал) (04-жол - 10-жол)	11		
Салықтарға арналған шығыстар	12		
Мерзім бойынша жиынтық табыс (шығын) (11-жол – 12-жол)	13		

Басшы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)) (қолы)

Бас бухгалтер _____

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)) (қолы)

Мөр орны

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК